



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«ҚДКБҚ» АҚ активтерінің бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беру туралы

Алматы қ.

2024 жыл, 5 шілде

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ, Қор) активтерін жеке басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беру процесі басталғанын хабарлайды. Қаражаттарды беру ҚҰБ-тың бағалы қағаздар нарығын дамыту және еншілес ұйымдардың активтерін басқарудан біртіндеп арылу стратегиясы аясында жүзеге асырылып отыр.

Алматы қаласында бірнеше басқарушы компания өкілдерінің қатысуымен тиісті келісімдерге қол қою рәсімі өтті.

Келісімдерге қол қою қорытындысы бойынша өткен баспасөз мәслихатында ҚДКБҚ Төрағасы Әділ Өтембаев жеке басқаруға берілетін активтердің сақталуын қамтамасыз етуге қатысты қолданылып жатқан шаралар туралы баяндап берді.

«Біз тиісті тәуекелдерге баға беріп, оларды сараптаудан өткізіп, жеке басқарушы компаниялар үшін инвестициялық саясатты әзірлеп шықтық. Соған сәйкес Қордың активтері ең сенімді қаржы құралдарына ғана инвестицияланатын болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары. Оларды өтеу мерзімі 3 жылға дейін. Сондай-ақ кері РЕПО операцияларын айтуға болады. Енді осы бағдарлама активтердің табыстылығын арттыра түседі деген үміттеміз. Қор үшін басты міндет – арнайы резервтің қаражаттарын сақтау және олардың жоғары өтімділігіне қолдау көрсету», - деді ол.

Қор Төрағасының айтуынша, жеке басқарушылар алдында белгіленген эталондық портфельдің (бенчмарктың) табыстылық көрсеткішін арттыру мақсаты қойылған. Тәуекелдер туындаған жағдайда шартта ҚДКБҚ үшін оны біржақты ретпен бұзу мүмкіндігі қарастырылған. Активтерді жеке басқарушыларға беру барысында кастодиандар тарапынан қосымша қадағалауды жүргізу арқасында тәуекелдер барынша азайтылады. Айта кетейік, кастодиандар активтерді есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді және жеке басқарушылардың инвестициялық саясат талаптарын қаншалықты орындайтындарына бақылау жүргізіп отырады.

Өз кезегінде ҚҰБ Монетарлық операциялар департаментінің директоры Нұржан Тұрсынханов ҚҰБ бастамасы бойынша Қазақстан қор биржасы алаңында ҚДКБҚ активтерін индекстік басқару мақсатында мемлекеттік бағалы қағаздар индексі әзірленіп, іске қосылғанын атап өтті.

«Біз ҚДКБҚ және Қазақстан қор биржасымен бірге үлкен жұмыс атқардық және бүгін біз жаңа тарихи сәттің қарсаңында тұрмыз деп нық сеніммен айта аламыз. Елімізде тұңғыш рет Қазақстан қор биржасының алаңында енгізілген жергілікті бенчмарк базасында ҚДКБҚ сынды ірі институционалды инвестордың активтеріне халықаралық тәжірибеде кеңінен пайдаланылатын индекстік тәсіл қолданылатын

болады. Активтерді жеке басқаруға беру отандық бағалы қағаздар нарығына тың серпін береді деп сенеміз. Сонымен қатар бұл жеке басқарушыларға берілетін активтердің көлемін арттыру есебінен жеке басқарушы компаниялар нарығының дамуына, сондай-ақ сол басқарушылар арасында бәсекелестікті күшейту есебінен активтерді басқару тиімділігін арттыруға септігін тигізеді», - деді Н. Тұрсынханов.

Еске сала кететін жайт, қазір ҚДКБҚ арнайы резервтегі активтерінің мөлшері 1,2 трлн теңгені құрайды. Алғашқы кезеңде 200 млрд теңге беріледі. Әрі қарай активтерді беру жеке басқарушы компаниялардың тиімділік көрсеткішіне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz